

**Ұлтшылдық қатері төнген Екінші дүниежүзілік соғыстағы
Жеңістің 75 жылдығына байланысты
Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы
Парламенттік Ассамблеясының
Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттердің парламенттеріне
ҮНДЕУІ**

2020 жылы әлем халқы ұлтшылдық қатері төнген Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 75 жылдығын атап өтеді.

ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттерде бұл Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесіне шешуші үлес қосқан Кеңес Одағындағы барлық халықтардың Ұлы Отан соғысындағы Жеңісті еске алудың ерекше күні. Біздің халықтарымыздың жиырма жеті миллионнан астам ұлдары мен қыздарының өмірін қиған соғыстағы ерлік істері ұрпақтар жадында мәңгі қалады.

Еуропа елдерін ұлтшылдық езгісінен азат етуде біздің бір миллионнан астам жауынгеріміз жанын пайда етті. Қазіргі заманғы Еуропа мемлекеттерінің аумақтарында ұлтына, азаматтығына және діни көзқарасына қарамастан ерлік пен жанқиярлықтың ең биік үлгісін паш еткен барша халық өкілдерінің көптеген әскери зираттары, мемориалдары мен ескерткіштері, стелалары менobeliskілері сақталған. Олардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Ұлтшылдыққа қарсы күресте қаза тапқандар мен құрбандардың алдында қарыздар екенімізді, тарихи ақиқатты қорғау қағидалары мен Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындылары бойынша қабылданған халықаралық құқықтық актілердің ережелерін негізге ала отырып Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттердің парламенттеріне үндеу жолдаймыз және:

– қазіргі Еуропадағы ұлтшылдық пен оның көріністерін қайта қалпына келтіруге және дәріптеуге қарсы іс-қимыл жөнінде;

– Екінші дүниежүзілік соғыс туралы тарихи ақиқатты қорғауға, оның қорытындыларын қайта қарау және Жеңіске жетудегі Кеңес Одағы халықтарының шешуші рөлін төмендету әрекеттерінің жолын кесу жөнінде;

– Ұлтшылдыққа қарсы күреске қатысушылардың қабірлерін қорлауға, әскери зираттарды қиратып-бүлдіруге, азаттық жолындағы кеңестік жауынгерлердің ескерткіштеріне қатысты вандализмге, ардагерлердің ізіне түсуге, қаза болғандар мен ажал концлагерьлерінде жәбір көрген адамдардың ар-намысын қорлауға жол бермеу жөнінде;

– Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында ауыр қылмыс жасаған ұлтшылдар мен олардың жандайшаптарын және ізбасарларын ақтауға тырысатын, Еуропа кіндігіндегі елдердегі негізгі әскери қылмыскерлерді жазалауды және соттауды көздейтін Халықаралық әскери трибуналдың шешімдерін жоққа шығаратын немесе бұрмалайтын кез-келген әрекеттердің жолын кесу жөнінде заң шығару деңгейінде шаралар қабылдауға шақырамыз.

Біздің болашағымыз үшін, халықтардың бостандығы үшін өмірін қиғандарды және оларсыз Жеңіске жетудің мүмкін еместігін еске ала отырып, ұлтшылдықты бірге жеңген барлық халықтарды біріктіретін Ұлы Жеңіс туралы естелікті есте сақтау – біздің ортақ парызымыз.

Ұлтшылдықтың қайта оянуына қарсы тиімді іс-қимыл жолында бүкіл халықаралық қоғамдастықтың бірігуі аса маңызды.